6/2007

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Досына серік, сөзіне берік тұлға еді

Айтбай ӘЛІБАЕВ

(14-бет)

Құқыққа қарсы мінез-құлыққа ықпал ететін әлеуметтік жағдайлардың сипаттамасы

Қарамырза ЖАРҚЫНБЕК

(20-бет)

Пешене

Елгүл НҰҒМАНОВА

(29-бет)

Талап ЖҰБАНҒАНОВ, Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық сотының төрағасы:

«Аталарымнан қалған отбасылық дәстүрді одан әрі жалғастырғаныма қуанамын...»

(11-бет)

Персеполь қаласы және сақтар

Досбол БАЙГУНАКОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы

Әлемде әрқайсысының өзіндік даму тарихы мен тағдыры бар әр түрлі көлемдегі көне қалалар мыңдап кездеседі. Бірі ерте кездері-ақ қиратылып, құм басқан төбеге айналса, екіншілерінде тұрғындары әлі күнге дейін өмір сүріп келеді. Әрбір тарихи кезеңдердің куәсі болып табылатын олардың қалыптасуы да қызық. Кейбір қалалар керуен жолдарының бойында қалыптасса, енді бірі шөлді аймақтарда, басқалары өзен-көл жағалауында не тау баурайында бой көтерді. Қай мемлекеттің аумағында орналаспасын, қалалардың даму тарихына түрлі саяси-экономикалық, географиялық жағдайлар өз әсерін үнемі тигізіп отырғандығы тарихи шындық. Әрқайсысы өз заманында бірнеше халықтар мен мемлекеттердің өмірінде аса маңызды рөл атқарды, тіпті мемлекеттіліктің ұйытқысы да болды. Белгілі бір шетелдік қалалар Отан тарихынан деректік қорды құрай отырып, өзіндік орын алатындығын ескерсек, олардағы деректемелерді топтастырып, жүйелеу қажеттілігі күн санап артып келеді. Ұлт тарихында мұндай шетелдік қалалармен орнатылған сан қырлы байланыстарды анықтау көбіне кемшін тартып жатады. Оған бірден-бір себеп – тарихнамалық ізденістердің жоқтығы.

Қазақстанның ежелгі тарихына қатысты дереккөздері біздің республикамен іргелес орналасқан мемлекеттер аумағында, алыс-жақын елдердің территориясындағы қалалар тарихымен де астасып жатады. Ежелгі деректемелер Азияның антикалық замандағы үлкенді-кішілі қалаларынан көптеп ұшырасады. Біз мұндай қалалардың қатарына б.з.б. I-мыңжылдықта қазіргі мемлекетіміздің аумағындағы сақтармен қарым-қатынастарға түскен Персеполь қаласын жатқызамыз.

Персеполь қирандылары жайлы еуропалықтарға ең алғаш рет хабарлаған адам ганноверлік Карстен Нибур болып табылады. Бұл саяхатшы Шираздан солтүстік-шығысқа қарай 7 км. жерден Персепольдің үйінділерін көреді, оны аралап жүріп, сына жазуларын тауып алады. Сөйтіп Персеполь орнын анықтайды. Оны орта ғасырларда жергілікті жұртшылық ирандық жыр кейіпкерінің атымен «Жәмшид тағы» деп аталған еді, Орта ғасырларда қала орны аз уақыт қана жергілікті әмірлердің қамал-сарайы болған. Бірақ уақыт өте келе қала тұрғындары оны тастап кетті. Ежелгі заманда көптеген қалалар сияқты Персеполь құрылыстары бұл археологиялық нысан маңындағы жергілікті халықтың түрлі құрылыстарына тасылып әкетілді. Оның көптеген бөліктері бұзылып, қирады. Тек үлкен-үлкен тас блоктары ғана біршама қирамай сақталып, қазіргі таңда бізге жетіп отыр. Оның бұзылуын 1931-1934 жылдары Чикаго университетіндегі Шығыс институтының тапсыруымен Эрнст Херцфельд бастаған зерттеу тобы тоқтатты десе болады. Осы кезде қала орнынын сызбасы жасалып, хатталды. Нәтижесінде, қала орнын одан ары бұзылудан қорғауға арналған бірқатар шаралар жасалды. Бүгінгі күні Персеполь әлемдегі қазба жұмыстары аяқталған көне қалалардың бірі. Онда қазіргі уақытта құрылыстарды қалпына келтіру, жекелеген ғимараттардың беріктігін күшейту секілді жұмыстар жүргізілуде (Сто великих архео-

логических открытий, М., 2004).

Персеполь қаласын әлемге ғылыми тұрғыдан танытқан ғалымдардың бірі Э.Шмидт болды (Perserolis. 1-2, Chicago, 1953-57). Одан өзге де ғылыми ізденістермен айналысқан зерттеушілер де жеткілікті. Айталық парсы тіліндегі М.Мустафауидің «Персеполь тарихи ескерткіштерінің қысқаша сипаттамасы» (Тегеран, 1951), Г.Мұқтадірдің «Персеполь құпиялары» (Тегеран, 1956) сынды іргелі зерттеулер жаханға Персеполь туралы көптеген мәліметтер береді.

Жалпы алғанда, осы жерде Персеполь қандай қала еді, оны тұрғызған кім деген заңды сұрақтар туындайды. Сондықтан да қаланың қалай көтерілгендігі және оның іргесін қалаушы жайлы біршама әңгімелей кеткен жөн сияқты.

Қаланың тұрғызылуына бірден-бір себепкер болған адам парсылардың патшасы – I Дарий (Дариуш). Персепольді астана етпек болған бұл патша жайында әлемдік тарихнамада біршама қызықты мағлұматтар бар. Б.з.б. 522 – 486 жылдары билік құрған I Дарий патшаға көптеген халықтар бағынышты болды. Көне замандағы I Дарий жаздырған «Бехистун сына жазуы» (б.з.б. 516 ж. көне парсы, элам және бабыл тілдерінде жартасқа қашалып түсірілген) деген дереккөзінде сақтар туралы да айтылады. Патша бұл сына жазуында өзі жеткен жетістігін былай деп баяндайды: «Дарий патша былай деп сөйлейді: Мына жерлер менің билігіме өтіп, Ахура-Мазданың еркімен мен олардың патшасы болдым. Персия, Сузиана, Бабыл, Ассирия, Арабия, теңіз жағасындағы Египет, Спарда, Иония, Мидия, Армения, Капподокия, Парфия, Драгиана, Ария, Хорезмия, Бактрия, Соғдиана, Гандары, сақтар, саттагидтер, Арахозия, мактар. Барлығы жиырма үш аймақ. Олар маған алым-салық төледі және менің барлық бұйрықтарымды орындады». Сондай-ақ оның «мен сақтарға қарсы жорыққа шықтым, жауымды өлтірдім, оны тұтқынға алдым. Маған қарсы Сақұқа (Сакука) көтеріліске шықты, мен оны тұтқындадым... сонан кейін басқа көсем...» деген сөздері сақталған (Древние авторы о Средней Азии, Таш., 1940). Көне парсылық бұл деректемеде патша Бабылда соғыста жүргенде оның державасынан «Персия, Сузиана, Лидия, Ассирия, Армения, Парфия, Маргиана, Саттагидия, Скифия» бөлініп кетті деп корсетілген (Древние цивилизации, М., 2005). Жоғарыда айтылған дереккөзіне қарап, патшаның иелігі орасан зор болғандығын көреміз. Бабылдан қайтып оралған I Дарий б.з.б. 521 ж. соңында көтерілістерді басып-жаныштайды да, кезінде Кир мен Камбис патшалар қалыптастырған мемлекеттік шекараны қайтадан қалпына келтіреді. Б.з.б. 519-512 жылдары жүргізген әскери экспедициялардың нәтижесінде парсылар Фракияны, Македонияны және Үндістанның солтүстік-батыс бөлігін жаулап алды да, мемлекет шекарасын шығыста – Инд өзеніне, батыста – Эгей теңізіне, солтүстікте – Армян қыратына, онтүстікте – Нілге дейін жеткізді. Оның жүргізген саясаты жайлы, мемлекетінің құрылысы туралы Р.Фрайдың «Иран мұрасы» (Мәскеу, 1972), М.Дандамаевтың «Ахеменидтер державасының саяси тарихы» (Мәскеу, 1985), т.б. іргелі зерттеулерде толымды түрде баяндалады. Бұл еңбектерді талдау – патша жүргізген саяси-құқықтық, экономикалық реформалар мемлекетте тәртіп пен тұрақтылықтың қалыптасуына оң жағдай туғызды, – деп айтуға мүмкіндік береді. Мемлекет жерін патша сатраптарға (облыстарға) бөледі де, парсы ақсүйектерін оны басқаруға қояды. Сөйтіп бас көтерер парсы ақсүйектерін орталық биліктен алыстатты. Сатрап басшысының қасына әскербасын өзі тағайындады. Әскербасы сатрапқа бағынбады. Яғни, сатраптың тұрақты әскері болмады. Ал жергілікті халыққа әскербасының билігі жүрмеді. Айлакер I Дарийдің жүргізген оңтайлы саясатының нәтижесінде, екі жақ та белгілі бір дәрежеде өзін қолдайтын әлеуметтік тірексіз қалды. Астанадан алыс кеткен парсы ақсүйектері тақ үшін таласуды доғарды. I Дарий тұсында грек-парсы соғыстары басталды. Оған сақтардың да қатысқа-

ны тарихтан белгілі. Бұл соғыстар көне тарихшы Геродоттың деректемелік «Тарих» атты еңбегінде толымды түрде баяндалған.

Персеполь қаласының құрылысын I Дарий б.з.б. 515 жылы бастауды бұйырды. Алдымен оған Шираздан солтүстік-шығысқа қарай жатқан Кух-и Рахмат тауының баурайындағы жер таңдап алынды. I Дарий бұл қаланы «Парса» деп атады. Жаңа қала әлемге парсылардың күші мен құдіретін танытуы тиіс еді. Сондықтан да қала құрылысына көп күш пен жігер, мол ақша жұмсалды.

Гректер көп ұзамай-ақ оны «Персеполь», яғни қазақ тіліне аударғанда «парсылардың қаласы» деп атай бастады. Осы қала атауына байланысты бүкіл әлем Иран елін Персия деп атаған болатын. Бұл атау Иран үкіметі әлемге өз елін Иран деп атауды өтінгенге дейін, яғни 1936 жылға дейін қолданылып келді (Сто великих археологических открытий, М., 2004).

Қала құрылысы I Дарий тұсында басталғанымен, ол ұзаққа созылды. Қаланың көркейіп өсуіне Ксеркс патша да көп септігін тигізген болатын. Жыл сайын қала құрылысына үш мыңнан астам адам қатысты. Оларға әскери тұтқындар да жәрдемдесті. Жер-жерден тас қашаушылар, кірпіш құюшылар, қолөнершілер әкелінді. Сан алуан композициялық құрылыстардың нәтижесінде Персеполь өз заманындағы ең үздік де, үлгілі қалалардың біріне айналды. Біршама уақыттардан кейін қала аумағы 135 мың шаршы метрді алып жатты. Қабырғасы екі қатардан тұрған қала үш жағынан қоршалды. Төртінші қабырға рөлін таудың жартастары атқарды. Қабырғаларының қалыңдығы 4,5-5,5 м-ге, биіктігі 11,5-15 м-ге дейін жетті. Мамандар құрылысы б.з.б. 492 ж. басталып, I Ксеркс тұсында аяқталған Персепольдің көп колонналы салтанат залын (ападана) сол замандағы ең әсем де мықты құрылыстардың қатарына жатқызады. Археологтар бұл құрылыс іргетасын қазған кезде, әрқайсысының салмағы 9,6 кг, алтын мен күміспен апталған екі жәшік табады. Оларға үш тілде жазылған сына жазулар құрылыстың негізін I Дарий қалағанын айғақтайды. Ападананың сыртқы қабырғаларына әр беріп тұрған глазурлі кірпіштерден жазулар Ксеркстің әкесі бастаған құрылысты аяқтағанын айғақтайды. Персепольдің қазба жұмыстары, қирандысын алыстан көрсетіп тұратын қабырғалары, қақпалары мен сарайлары жайлы әдебиеттерде аз жазылмаған (Сто великих дворцов мира, М., 2006).

Негізінен алғанда, XX ғасырдың алғашқы жартысында еуропалықтар Персепольде екінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін қазба жұмыстарын тоқтатып, елдеріне оралғаннан кейін, бұл көне қала қазба тарихында жаңа кезең басталады. Сол кезде А.Сами басқарған «Персеполь ғылыми орталығы» құрылады да, қала орнында қазба жұмыстары жолға қойылады. Қазба жұмыстарын Ағарту министрлігі қаржыландырды, кейде оған шах қазынасынан, меценаттардан көмек жасалынып тұрды.

Белгілі ғылым Г.Михалевич «Раскопки иранских архнологов в Персеполе и Пасаргадах» атты мақаласында Персеполь қазба жұмыстарын екі кезеңге бөліп қарастырады. *Біріншісі – 1940-51 жылдар аралығын қамтиды.* Бұл уақыттарда біршама жұмыстар атқарылды. Мысалы, 1940-41 жылдары «Жүз колонналы сарайдың» солтүстік-шығыс аумағындағы жерде далалық жұмыстар кезінде жер асты су құбырлары мен тастан жасалған хауыз, бірнеше бөлмелер ашылды. Сарайда аумағы 640 шаршы метр кірер бөлме (құрылыс – сарай) болғандығы, қала қирағанға дейін бөлменің бітпегендігі анықталды. 1942 жылы Иран археологтары «32 колонналы сарайды» аршыды. 1948-49 жылдары «Жүз колонналы сарайға» шығыстан жапсарластырыла салынған құрылыс орны аршылып, құрылыстың ат қора болғандығы анықталды. Осы жылдары террасаның оңтүстік-батысындағы III Артаксеркстің аяқталмаған сарай орны да аршылып бітеді. 1949-51 жылдары «Хадиш» сарайына (Ксеркс сарайы) оңтүстік жақтан қосыла салынған бөлмелер тазартылады. 1951 жылы ақсүйектерге, қолбасыларға арналған 12 колонналы құрылысты аршып, тазалайды. *Екіншісі –*

1952-59 жылдар. Бұл жылдары Персепольдің солтүстік сыртқы қабырғаларында қазба кезінде қыш тақтаға түсірілген сына жазулары табылды. Аумағы 2700 шаршы метр құрылыс орнын (А.Сами пікірінше – дәптерхана) ашты. 1953-54 жылдары қабырғалары қам кірпішпен тұрғызылған алты құрылыс орны аршылады. 1955-57 жылдары II Артаксеркс пен III Артаксеркс зираттарына ден қойылды. Сондай-ақ бұл кешендерде консервациялық жұмыстар қатар жүріп отырды. Сонымен бірге қазба барысында алтын тоға, күміс тостаған, бүркіт бейнеленген лазурит тілігі, жалпақ тас табақша, цилиндр пішіндес тастан жасалған мөрлер, шағын ыдыстар, металдан жасалған мүсіндер, шыны ыдыстар, тас есік, т.б. заттар табылған (СА, 1969, №2).

Қаланың Александр Македонский тұсында қиратылғандығы жайлы дереккеөдерінде айтылған. Ұлы Александр Персепольді б.з.б. 330 жылы жаулап алады. Мұнда тойлап отырған кезде бетімен кеткен Танс атты афиналық бір бикеш жанып тұрған алау отты алады да, сарайдың ағаш колонналарына қарай лақтырып жібереді. Оның жаңа бастағанын көрген әрі қызара бөртіп отырған Александр мен мас жандайшаптары бикештің ісін қайталап, өртті одан сайын өршіте түседі. Сөйтіп қаланың біраз бөлігін жалын шарпып кетеді. Мұны Персепольда жүргізілген қазба жұмыстары да айғақтап отыр. Қаладағы тақ тұрған салтанатты залды қазған кезде қалыңдығы 1 метрге жуық күлдің орны сақталған (Сто великих археологических... 285-б). Осыдан кейін қала еш уақытта бұрынғы астаналық қалпына келе алмады. Кейіннен бірте-бірте онда өмір сүрген адамдар саны да азайды.

Персеполь қаласында жүргізілген далалық ізденістер барысында сақтарға қатысты мәліметтер табылған болатын. Негізінен алғанда, бұл мәлімет ғылымға «Персеполь жазуы» деген атпен енді. Аталмыш жазу жоғарыда айтылған «Бехистун сына жазуымен» тікелей үндеседі. Мұнда да Дарий патша атынан жазылған бехистундық сөздер қайталанады десе болады. Персеполь жазуында былай делінеді: «По воле Аура-Мазды (Ахура-Мазда) – вот те области, которыми я владел силой персидского народа, которые меня боялись и приносили мне дань: Сузиана, Мидия, Вавилония, Аравия, Ассирия, Египет, Армения, Спарда, ионийцы материковые и морские и провинции на восходе солнца – сагартии, Парфия, зараки (драгиане), Ария Бактрия, Согдиана, Хоразмия, саттагиды, Арахозия, Индия, Гандария, саки) (Древние авторы... 34-бет).

Текстегі сөздерде сақтар ең соңынан аталынады. Сірә, Дарий патша оларды басқаларға қарағанда ең соңынан өзіне бағындырған болса керек. Бәлкім, сақтардың оған бағынуы ұзақ уақыт болмаған да шығар. Сақтар көтерілістерге шығып, олар мекендеген аудандар парсы патшасы үшін ең тынышсыз аймақтар болуы да ықтимал. Ғалымдар арасында Дарий патшаның скифтерге (сақтарға) жорығы сан рет талқылауға түсті. Бірқатары көне эллиндік деректерді талдаудан өткізіп, оның жорығының негізгі бағытын анықтауға ұмтылды. Кейбір ғалымдар Дарий патшаның жорығы діни сипатта болды, ол сақтарға Ахура-Мазданы мойындату үшін соғыс ашты деп есептейді. Енді келесілері I Дарий сақтардың барлығына билігін жүргізе алған жоқ, ол сақтардың азғана бөлігін ғана бағындырды дейді. Қалай болғанда да, болашақта осы мәселелерге тоқтап, парсы және антикалық грек деректеріне сүйене отырып тарихнамалық ізденістер жүргізу қажет.

Қорыта айтқанда, Персеполь секілді сақтар туралы азды-кемді дереккөздерін сақтаған көне жәдігерлер отандық тарихнама үшін өте құнды ақпараттар бере алады. Мұндай деректемелер жүйелеуді, ғылыми талдаудан өткізілуді қажет етеді. Әлі күнге дейін I Дарий қалдырған деректер (құлпытасындағы жазу, т. б.) талдана қойған жоқ десе болады. Дарий патшаның жазып кеткен естеліктерін өзара салыстырған, бір-бірімен байланыстарған, қосымша мәліметтерді басқа деректемелерден алып, түйткілі күрделі проблемалардың шешіміне жақындаған ізденістер жоқтың қасы.